



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Филология факультеті

Қазақ тіл білімі кафедрасы

Мамаева Гүлнар Бейсенқызы

Филология ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор


Пән атауы: Емле және сөз сазы

Астана, 2022




9-дәріс тақырыбы: Күрделі сөздердің емлесі

Қарастырылатын мәселелер:


- Күрделі сөздердің емлесі;
 - Бірге және бөлек жазылатын сөздер.
- 

Екі (кейде одан да көп) сөз қатар айтылып, бір ғана ұғымды білдіретін, яғни бір затты, құбылысты, қимылды, түрлі-түсті, санды айтатын күрделі сөздің әрбір компоненті бөлек жазылады.

Күрделі сөз



Күрделі атаулардың (мемлекет, республика, мекеме, ұйым аттарының) әр сөзі бөлек жазылады. Мысалы, **Қазақстан Республикасы, Қазақ ССР Ғылым академиясы т.б.**




Күрделі сөздердің құрамындағы әр сөз бөлек жазылады. Мысалы, **қара торы, торы төбел, жүз отыз бес, алып кел т.б.**

Бөлек жазылатын құрама сөздерді А.Байтұрсынұлы үйір айтылатын сөз бен қосындыға айналған сөздер деп, арасына тәртіп жасау керектігін айтады.




«Бұрын бір өңкей болса, бірігіп жазылып, бір өңкей болмаса, қосарлық (-)пен жазылатын еді, енді бәрі де қосарлықпен жазылатын болды»



А.Байтұрсынұлы күрделі сөздердің үндесу заңына сәйкес келгенін - бірге, келмейтіндерін бөлек таңбалайды.



Қ.Жұбанов біріккен сөзді «кіріккен сөз» терминімен алып, кіріккен сөз болудың негізгі белгілеріне талдау жасайды. Кіріккен сөз болудың бірінші шарты мағыналық тұтастығы: бір-ақ нәрсені атап, бір сөздің орнына жүреді



Құрама сөз – кемінде екі түбірден құралып, бір ғана зат пен құбылыстың атауы болатын, номинативтік бірлік ретінде қаралатын сөз.

Аталған топ А.Байтұрсынұлында қос сөз деп аталды.

К.Аханов тіркескен сөздерге құрама сөз терминін еншілеп береді де, оларды сөз таптары аясында сипаттағанда пайдаланады

Қ.Жұбановтың күрделі сөз деп алуы морфология оқулықтарында бұл терминнің қолданылу тұрақтылығын күшейтті.

Н.Уәлиұлы К.Ахановтың құрама сөз терминін біріккен сөз, қос сөз, қысқарған сөз, күрделі сөз басын құрап тұрған топтың ортақ атауы етеді

Күрделі сөз

Қ.Күдеринова бір ғана зат пен құбылыстың атау бірлігі болып, екі сөзден құралған өнеркәсіп, асқабақ, кемпір-шал, сары ала, алып кел сияқты сөздерді **құрама сөз** терминімен атайды. Ал бөлек жазылатын құрама сөздерді **күрделі сөз** атауымен атайды.

Күрделі-құрама сөзге синтаксистік сөз тіркесі шеңберінен шыққан лексикаланған немесе шектеулі тіркес (ортан жілік, бет орамал, қол орамал, асықты жілік), күрделі етістік, күрделі сын есім, күрделі сан есім енеді.

Кіріккен сөздерге екі негізден құралып, дыбыстық, семантикалық контаминацияға түсіп, бір түбірлі сөз болып танылып кеткен, негізгі сіңіскен жалаң сөздер жатады.

Құрамына қарай бөлінген жалаң және құрама сөздердің жалаң сөздері түбір, туынды, кіріккен болып үшке бөлінеді.

Тілдегі бірге жазылатын сөздерге біріккен сөздер жатады.

1

Тұлғалары өзгеріп, бірімен-бірі әбден кірігіп кеткен сөздер: *бүгін (бұл күн), биыл (бұл жыл), белбеу (бел бау) т.б.*

2

Тұлғаларын сақтап біріккен сөздер: *шекара, тасбақа, алтыбақан т.б.*

3


Еш, әр, қай, әлде сөздерінен біріккен есімдік, үстеу сөздер: *ешкім, әрқашан, әрбір, қайсыбір т.б.*

4

Терминдік мәндегі біріккен сөздер: *баспасөз, шикізат, еңбеккүн т.б.*

5

Кісі аттары: *Аманкелді, Қартбай, Қосжан т.б.*




2013 жылғы орфографиялық сөздікте бірге және бөлек жазылатын сөздер тобы толықтырылған.

Екі түбірден құралып, терминге айналған техника, шаруашылық, тұрмыс, мәдениет, өнер, спорт т.б. салаларға қатысты зат, құрал-жабдық, ұғым атаулары аттары бірігіп жазылады. Мысалы: *шаңсорғыш, еттартқыш, бесатар, өнертапқыш*

Ботаника, зоология терминдерінің ішінде мынадай жолмен жасалған күрделі атаулар біріккен сөз болып, сыңарлары қосылып жазылады: *құмбетеге, субетеге, сиыржоңышқа, қойжусан*

Идиомалық, фразалық тіркестер болғанымен, терминдік, атауыштық мәнге ие болып бірігіп кеткен тұлғалар қосылып жазылады. Мысалы: *ақсақал, атқамінер, көзқарас, ақсүйек, ойтолғақ, ойтүрткі*

Анықтаушы-анықталушы қатынастан ажырап, бір заттың атауы болып кеткен сөздер бірге жазылады: *беторамал, қолорамал, асқасық, шайқасық, кірсабын, иіссабын, ішкіім, ішкөйлек, кіреберіс, қолайна, қолара т.б.*



Қос сөздердің емлесі

Қос сөздердің барлық түрі дефис (-) арқылы жазылады. Мысалы: дүркін-дүркін, үлкен-кіші, үлкенді-кішілі, аяқ-табақ, қып-қызыл, қолма- қол, қолды-қолына, жалт-жұлт, өзінен-өзі, қараптан-қарап.

Бірақ *жай* мен *мекен* сөзі синонимдес болғандықтан қосарлама қос сөз түрінде 70-жылдардың ортасынан дефис арқылы жазылып келді (*мекен-жай*).



Қос сөздер

Күрделі сөздердің емлесі



Күрделі сөзді күрделі емес сөздерден ажырата білмеу;



Күрделі сөз ретінде қайсысын біріктіріп, қайсысын бөлек жазу жайының анықталмауы;



Емле сөздігінің соңғы басылымында *жалақы, қалам ақы, еңбек ақы; аяқ киім, бас киім, іш киім* деген сөздердің жазылуы нақтыланған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. - Алматы: Ана тілі, 1992. - 445 б.
2. Уәлиев Н., Алдашева А. Қазақ орфографиясындағы қиындықтар. – Алматы: Ғылым, 1988. - 113 б.
3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы: Ғылым, 1996. - 341 б.
4. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. - Астана: Елорда, 2000. – 527 б.
5. Орфографиялық сөздік /Алтыншы басылым. Құраст.: Н.Уәли, Қ.Күдеринова, А.Фазылжанова, Ж.Исаева, Н.Әміржанова, А.Әмірбекова. - Алматы: Дәуір, 2013. - 720 б.



НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА РАҚМЕТ!

